

Ақтөбе облысының әкімдігі

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2026
жылғы 19 ақпандағы № 34
қаулысы

Акимат Актюбинской области

Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.



«ЗҚАЙ» ШЖҚ РМҚ лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Ақтөбе облысының әкімі

А. Шахаров

**Ақтөбе облысы әкімдігінің
2026 жылғы 19 ақпандағы № 34
қаулысына 2-қосымша**

**Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған ата-ана төлемақысының
мөлшері**

№	Қала, қалалық және ауылдық маңызы бар аудан орталықтары, ауылдық елді мекендер	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы бір күнгі ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Ақтөбе қаласы (тәрбиеленушілерді тегін бағып-күту ұсынылатын санаторлық және түзету топтарынан басқа)	1000
2	Аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалалар (тәрбиеленушілерді тегін бағып-күту ұсынылатын санаторлық және түзету топтарынан басқа)	800
3	Ауылдық елді мекендер (тәрбиеленушілерді тегін бағып-күту ұсынылатын санаторлық және түзету топтарынан басқа)	700